

Сағындықов Н.Б.,  
Есенқұлова А.  
**Қазақ фольклорындағы  
дастандық эпос жанры**

Мақалада қазақ фольклорында көп ұшырасатын дастандық эпос жанрының шығу тегі мен генезисі, даму жолдары, эволюциясы, өзіндік жанрлық белгілері мен қасиеттері сөз болады. Авторлар бұл жанрдың ғашықтық және лиро-эпостық болып бөлінетіндігін және өздеріне ғана тән болмыс-бітімін белгілейтін ерекшеліктері мен өзгешеліктерінің болатындығын анықтап, талдауға тырысады. Шығыс сюжетіне құрылған дастандар мен қазақ топырағында пайда болған дастандардың өзіне тән ерекшеліктері, яғни қазақ дастандары көлемі, өлеңдік құрылысы, сюжет дамуындағы жаңалығы, сюжет тұдырудағы ізденісі, оны жырлаудағы өзіндік қолтаңбасы, жаңа кейіпкерді сомдаудағы әрекеттерімен өзгешеленеді. Сонымен қатар, көптеген дастандық туындыларға жергілікті аңыз-әңгімелер, тарихта нақты болған оқиғалар, құбылыстар, фактілер арқау болғандығы анықталады. Мақала соңында фольклортанушы ғалымдар зерттеулерінің нәтижесінде кейбір дастандардың жанрлық белгілерінің сақталатындығы және өзге шығармалармен кей тұстары типологиялық тұрғыдан ұқсас болып келетіндігі айқындалған.

**Түйін сөздер:** фольклор, дастан, эпос жанры, генезис, жанрлық белгілері, жанрлық қасиеттері, типология, ғашықтық дастандар, лиро-эпостық жырлар, әдет-ғұрып.

Sagyndykov N.B.,  
Esenkulova A.  
**Dastan epic genre  
in the kazakh folklore**

About genre signs and features, evolution, the ways of development, sources of an origin of the dastan epos are told in the article which are so often found in the Kazakh folklore. Authors of article, distinguishing love and liro-epic genres, proceeding from their essence, a form and genre features, set as the purpose the analysis of works of this genre. In article it is said that east plots which are been the basis for a dastan and plots of the Kazakh dastan using actually primordial motives have essential distinctions, for example, the Kazakh dastans have other form, volume, poetic system, novelty in development of a plot, creative searches, a peculiar handwriting of his execution, means and ways of formation of a dastan. At the same time, it is proved in numerous works local legends and stories, original historical events from life of Kazakhs, the facts, transformation. In final sense on the basis of researches by specialists in folklore of regularities of a genre, and also proceeding from own installations of article`s authors, some works of this genre are considered from typological positions.

**Key words:** folklore, epos, epic genres, genesis, genre indication, genre features, typology, romance epics, lyric-epic songs, traditions and ceremonies.

Сағындықов Н.Б.,  
Есенқұлова А.  
**Жанр дастанный эпос  
в казахском фольклоре**

В статье говорится о жанровых признаках и особенностях, эволюции, путях развития, истоках происхождения дастанного эпоса, так часто встречающихся в казахском фольклоре. Авторы статьи, различая любовный и лиро-эпический жанры, исходя из их сущности, формы и жанровых особенностей, ставили своей целью анализ произведений этого жанра. В статье говорится о том, что восточные сюжеты, положенные в основу дастана и сюжеты казахских дастанов, использующие собственно исконные мотивы, имеют существенные различия, например, казахские дастаны имеют иную форму, объем, поэтическую систему, новизну в развитии сюжета, творческие поиски, своеобразный почерк его исполнения, средства и способы формирования дастана. Вместе с тем, в многочисленных произведениях проявляют себя местные легенды и рассказы, подлинные исторические события из жизни казахов, факты, трансформации. В конечном смысле на основе исследований фольклористами закономерностей жанра, а также исходя из собственных установок авторов статьи, некоторые произведения этого жанра рассмотрены с типологических позиций.

**Ключевые слова:** фольклор, дастан, эпические жанры, генезис, жанровый признак, жанровые особенности, типология, любовные дастаны, лиро-эпические песни, традиции и обряды.

**ҚАЗАҚ  
ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ  
ДАСТАНДЫҚ ЭПОС  
ЖАНРЫ**

Қазақ халқының ақындық өнерін жоғары бағалаған ғалым Шоқан Уәлихановтың: «Бұл халықтың (қазақтың) ертеден өзіне тән тұрмысында естерінде қалдырмаған бір де бір маңызды оқиғасы жоқ деуге болады. Олардың бірін суырып салма ақындар не жыршылар жыр етті, енді біреулерінің атын ұрпақтарының естерінде ұмытылмастай етіп, қандай да болсын белгілі сыбызғышы не қобызшы музыканттар мәңгі өлместей мұра ғып тастап кетті. ...Мұны өлеңге, суырып салма өлеңге бейімділік барлық көшпелі елдердің өздеріне тән ерекшеліктері деуге болады» [1, 239], – деп тұжырымдауында үлкен мән бар.

Халық шығарған ауыз әдебиетінің үлгілерінің қайсысында болмасын халық қиялы, ауыр тұрмысы, рухани өмірі жатыр. Ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа жетіп жүздеген, мыңдаған жылдар бойы халық жүрегінен мәңгілік орны алып келген асыл туындылар – халықтық мұра болғандықтан қымбат. Адамның рухани дүниесін байытатын ерлікке, елдікке, батылдыққа, табандылыққа баулитын халықтық романдар, лиро-эпостар, дастандар, жырлар халық жадында мәңгі сақталып, әдебиеттегі орны мәңгі болып қалатындығы заңды. Мұхтар Әуезовше айтсақ, осы секілді туындылардың кейіпкерлерімен бірге кейде қуанамыз, кейде қайғырамыз. Әйтеуір немқұрайлы қарай алмаймыз [2, 195].

Дастандарда ерекше дәріптеліп, екпінмен суреттелетін деталь – батырлық пен махаббат тақырыбы. Махаббат пен ерлік қос өрім болып қатар өрбіген бұл дастандардың тақырыптық, идеялық сарындары жағынан болсын, оқиғаны суреттеуі, көркемдік ерекшеліктері жөнінен болсын қазақ халқының ауыз әдебиеті нұсқаларымен орайласып, үйлесіп келетіндері аз емес. «Бұл дастандардың бірінде еркін махаббатты, жан дүниесінің пәктігін, тазалығын, ізгілікті, адамгершілікті, бас бостандығын аңсаған жастар бейнесі суреттелсе, кейбірінде ескі әдет-ғұрып, салт-санадан туған қайғы-қасіретті, теңсіздікті, күйініш-сүйінішті суреттеу бар» [3, 15].

Дастандардың ең бір көп туындаған және жарияланған кезеңі өткен ғасырдың еншісіне тиеді. Ол кезде Қазан, Омбы, Ташкент, Мәскеу және басқа қалалардың баспаханалары білімнің әртүрлі салаларына, қоғамдық өмір мен көркем шығармашылыққа қатысты көптеген материалдарды араб әрпімен қазақ тілінде жариялап тұрған. Оның ішінде дастандар,

әсіресе, ғашықтық (романдық), хикаялық және діни мазмұндағы шығармалар өте көп болғаны белгілі.

Бұларда шынайы махаббат, адам жан дүниесінің пәктігі, тазалығы, адамгершілігі, ізгілігі және бас бостандығын аңсаған жастар, ескі әдет-ғұрып, салттан туған теңсіздік, қайғы-қасірет, күйініш суреттеледі. Әсіресе, адам бойындағы біреу үшін өзін құрбандыққа қия білу, жақынға достық көмек, кең пейілділік, адалдық пен әділдік сияқты қасиеттер ерекше жырланады. Сонымен қатар адам бойындағы мейірімсіздік, іштарлық, арамдық, қаталдық, сатқындық, малқұмарлық, дүниеқоңыздық секілді жағымсыз қасиеттер де сөз болады. Ал зеректік, зейінділік, тапқырлық, аярлық өз алдына жеке тақырып ретінде жырланады.

«Қазақ дастандарын қарастырып отырғанда олардың екі түрге бөлінетіндігін айта кету қажет: 1) шығыс сюжеттеріне құрылған қазақ дастандары; 2) қазақ топырағында пайда болған, яғни қазақтың төл дастандары» [4, 5].

Шығыс сюжетіне құрылған дастандар мен қазақ топырағында пайда болған дастандардың өзіне тән ерекшеліктері бар. Мәселен, қазақ дастандары көлемі, өлеңдік құрылысы, сюжет дамуындағы жаңалығы, сюжет тудырудағы ізденісі, оны жырлаудағы өзіндік қолтаңбасы, жаңа кейіпкердісомдаудағы әрекеттерімен ерекшеленеді.

Қазақтар дастан арқылы, біріншіден, басқа елдер әдебиеті, фольклорымен танысса, екіншіден, дастан арқылы халық өмірін бейнелейтін жаңа сюжеттер мен мотивтер өмірге әкелді, үшіншіден, бұрынғы тақырыптар жаңаша суреттелді. Ал басқа елден кірген сюжеттер мен мотивтер ұлттық рухта жырланды. Сонымен дастан жаңа идея, талпыныс, мақсат, көзқарас және жаңа дәуір байлықтарын жырлаудың дайын әрі тиімді формасы болды [5, 5].

Дастандарда белгілі бір мәселелер ата еркі, феодалдық қоғамның заңына, әдет-ғұрпына сай, дәстүрлі жолмен шешілмейді. Осыдан келіп бұл шығармаларда рулық мүдде мен қасиеттерді дәріптейтін қаһарман емес, өмірде кездесетін кедергілерді өз бетінше, тек өз мүмкіндігі мен қажыр-қайратына сүйене отырып шешуге тырысатын тәуелсіз тұлға сомдалады. Сөйтіп фольклорда өзгеше, жаңа сапалы қаһарман пайда болады. Жыраулар мен жыршылар өз репертуарында бұрын болмаған (болғанда да классикалық түрде жырланған) сюжет пен тақырыпты, өзгеше қаһарманды жырлайды. Мәселен, бұрын дәстүрлі эпоста басқаша қырынан (ерлердің жары, сүйеніші ретінде ғана) көрінетін әйелдің адамгершілігін, адалдығын арнайы дәріптейтін

сюжеттер жырланады. Сонымен қатар әйелдің залымдығы мен мекерлігі, діндарлардың екіжүзділігі мен алдамшылығы сыналатын сюжеттер де көптеп пайда бола бастады. Бірақ бұл сюжеттер қазақ фольклорында бұрын жырланбады деп айтуға болмайды. Бұл сюжеттердің кең ауқымда жырланып, белгілі дәрежеге жетуі, тек дастандардың дамыған уақытында ғана болды.

Ал өткен ғасырдың соңғы онжылдығында қоғамдағы оң өзгерістер нәтижесінде көптеген рухани құндылықтарымызды қайта қарап, ұзақ уақыт бойына ойсыраған олқылықтарымыздың орнын толтыруға мүмкіндік туды. Жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижесінде қазақтың ұшан-теңіз эпикалық мол мұрасының бір бөлшегін дастандар құрайтыны, дастандық сипаттағы мұраларымыздың молдығы, оларды «дастандық эпос» деп атауға толық негіз бары дәлелденді. Сондай-ақ, көптеген тың мәтіндер ғылыми айналымға енгізіліп, дастандық эпостың жанрлық белгілері мен негізгі түрлері анықталды [6, 17].

Дастандық шығармалардың шығу тегі, жалпы жанрлық мінездемесі мен ерекшеліктері бұл жанрдың қазақ эпосының басқа түрлерінен көп кейін пайда болып, қалыптасқанын аңғартады.

Сонымен, бір еңбектерде ғалымдарымыздың бұрын анықтаған жанрлар шоғырына дастандық эпосты қоссақ, халқымыздың эпикалық қазынасы шығу тегі мен генезисі, даму жолдары, эволюциясы, өзіндік жанрлық белгілері мен қасиеттеріне орай төмендегідей жіктеледі: «1. Көне эпос; 2. Қаһармандық эпос; 3. Ғашықтық [романдық] эпос; 4. Тарихи эпос; 5. Дастандық эпос» [7, 5]. Келесі бір еңбектерге сүйенер болсақ, дастандар мынандай түрлерге бөлінеді: 1) ғашықтық дастандар, 2) хикаялық дастандар; 3) қаһармандық дастандар, 4) ғажайып фантастикалық дастандар, 5) діни дастандар, 6) тұрмыс-салт дастандары» [4, 10].

Яғни дастандық эпос – халықтың көркемдік ой-дүниесінің бір көрінісі, сонымен қатар қазақ фольклорындағы эпикалық дәстүрдің даму сатысындағы соңғы кезеңін танытатын жанрлық түрі.

Дастан жанры кең дамыған XIX ғасыр, әсіресе оның екінші жартысы мен XX ғасырдың басы халқымыздың тарихында із қалдырған қым-қуыт оқиғаларға толы кезең болғаны мәлім. Ресей құрамына отар ретінде енген халқымыз империяның отаршылдық саясаты мен нарықтық экономикасының ықпалын толық сезді. Бұл уақытта елдің жаппай отырықшылыққа ауысу үрдісі қарқын ала бастады. Еліміздің тарихи-саяси және әлеуметтік жағдайы өзгере бастады. Ал ол, өз кезеңінде рухани-моральдық, мәдени сұраныстардың өзгеруіне, рухани құнды-

лықтардың қайта қарастырылуына жол ашты.

Заманға сай әуен, сөз керек болды. Сондықтан өзгеріп жатқан өмірдің озық тұстарын бейнелеген жемісті шығармашылықтың туына алып келді. «Нәтижесінде, ақын мен жыршылардың бұл тұстағы жаңа ізденістері – қазақ фольклорында жаңа жанрдың – дастан жанрының пайда болуына негіз қалады» [7, 9].

Қазақ дастандарының фабулалық негіздерін, біріншіден, шығыстық материал, екіншіден, жергілікті материал құрайды.

Шығыс сарындарын негіз етіп жырлаған шығармаларда әртүрлі тәсілдер қолданылған. Бір дастаншылар түпнұсқаға толығымен сүйеніп, одан алшақтамаса, екіншілері шығыс дастандарының бірнеше варианттарымен танысып, өзіндік нұсқа жасаған, ал тағы біреулері шығыс сюжетінің желісін, жалпы схемасын ғана сақтап, мүлде жаңаша дүние туғызып отырған. Шығыс сюжеттері қазақ халық ауыз әдебиеті арнасында жырланып, басқа да фольклорлық шығармалармен қатар ауызша айтылып отырды. Демек ұлттық эпикалық дәстүрдің ықпалы өте күшті болды. Сол себептен қазақ эпосы дәстүрімен ұлттық рухта жырланған бұл шығармалардың басым көпшілігі халқымыздың төл шығармасына айналды. Кейде шетелдік сюжетке құрылған шығарманың қазақ өмірін, оның ерекшелігін дәл беретіндігі соншалық, өз топырағында туған шығарма ретінде қабылданды.

Сонымен қатар, көптеген дастандық туындыларға жергілікті аңыз-әңгімелер, қазақ болмысынан көрініс беретін тарихта нақты болған

оқиғалар, құбылыстар, фактілер арқау болды. Осындай ізденістердің нәтижесінде көптеген қазақ халқының төл туындылары дүниеге келді.

Қазақ дастандық эпостарын мынандай түрлерге ажыратуға болады: 1. Діни дастандар; 2. Хикаялық дастандар; 3. Романдық (ғашықтық) дастандар; 4. Әскери дастандар.

Жалпы қазақ эпосы, оның өзі батырлар жыры, лиро-эпос болып екі салаға бөлінсе, қазақ лиро-эпостары негізінен үш түрге жіктелген: «1. Халықтың төл туындылары – ел арасына кең тараған, баспа бетін көрген дастандар. Олар: «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан»; 2. Халық арасына ауызша тараған нұсқалар: «Күлше қыз», «Күл мен қыз», «Мақпал қыз», «Есім- Зылиха»; 3. Шығыс әдебиетінен алынған қиссалар, олар: «Мұңлық-Зарлық», «Сейфілмәлік», «Бозжігіт», «Таһир-Зухра», «Жүсіп-Зылиха», «Шәкір-Шәкірат», т.б. лиро-эпостар халық дастандарына, жұртшылық сүйіп оқитын шығармаларға айналған» [8, 449].

Фольклортанушы ғалымдардың зерттеулерінің нәтижесінде кейбір дастандардың жанрлық белгілерінің сақталатыны және өзге шығармалармен кей жерлері типологиялық тұрғыдан ұқсас болып келетіндігі айтылған. Мұндай құбылыстан қазақтың төл дастандары да, шығыстық қисса дастандары да шет қалмаған. Яғни, дастандардың болмысы батырлық, ғашықтық, тарихи жырлардан біршама бөлек болып қалыптасқанымен, олар өз бойына осы тектес шығармаларға тән жалпы типологиялық төлтума қасиеттерді жинақтады деуге болады.

#### Әдебиеттер

- 1 Қазақ әдебиетінің тарихы. – Т. II, к. 1. – Алматы, 1961.
- 2 Әуезов М. Шығармалар. – Т. II, мақалалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1969.
- 3 Қисса-дастандар. – Алматы: Жазушы, 1986.
- 4 Дастандар. – Т. I. – Алматы: Жазушы, 1990.
- 5 Қазақ халық әдебиеті. Көп томдық. – Алматы: Жазушы, 1990.
- 6 Азибаева Б. У. Казахский дастанный эпос. – Алматы, 1998.
- 7 Әзібаева Б. Қазақ дастандары. – Алматы: Баспалар үйі, 2009.
- 8 Қазақ әдебиеті. Энциклопедия. – Алматы: Бірлік, 1999.

#### References

- 1 Qazaq'adebiet'in'ing tarihy. – T. II, k. 1. – Almaty, 1961.
- 2 'Auezov M. Shygarmalary. – T. II, Maqalalar, zertteuler. – Almaty: Jazushy, 1969.
- 3 Qissa-dastandar. – T. I. – Almaty: Jazushy, 1986.
- 4 Dastandar. – Almaty: Jazushy, 1990.
- 5 Qazaq halyq 'adebiet'i. K'op tomdyq. – Almaty: Jazushy, 1990.
- 6 Azibaeva B.U. Kazahskij dastannyj epos. – Almaty, 1998.
- 7 Azibaeva B.U. Qazaq dastandary. – Almaty: Baspa 'ui'i, 2009.
- 8 Qazaq 'adebiet'i. Enciklopediya. – Almaty: B'irl'ik, 1999.